



# Ақмешіт

10 желтоқсан  
сенбі

№98 (1902)

2022 ЖЫЛ

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

# Марапатталған аналар – жаңа мәртебе

Әрбір адам алдағы жылдан жақсылық, игі өзгеріс күтеді. Келер жылы да көпшілік үшін жағымды жаңалық көп болғалы тұр. Әсіресе көпбалалы отбасыларды мемлекеттік қолдаудың жаңа түрі енгізілді. Бұл жөнінде мәжілістегі Үкімет сағатында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова айтып өтті. Министр «Әлеуметтік» кодекс жобасына енгізілетін жаңа параметрлер отбасыларға берілетін мемлекеттік қолдауды кеңейтетініне кеңірек тоқталды.



– Кодекс отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдауға бағытталып отыр. Отбасылық цифрлық картасын қанаттақты жоба ретінде іске асыру барысында көпбалалы отбасылардың әлеуметтік қатерлерге тап болу ықтималы жоғары екенін көрдік. Осы орайда әлеуметтік кодекс жобасында балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы біртұтас жүйесін толық сақтау және оның негізгі параметрлерін өзгерту қарастырылды. Нақтылай кетейін, балалы отбасыларды қолдау жүйесі халықаралық стандартқа сәйкес жүктілік және босану, бала туу, бала күтіміне байланысты төлемдерді, көпбалалы аналар және мүгеделікті бар балалы отбасыларға қарасты төлемдерді және табысы аз отбасыларға берілетін атаулы әлеуметтік көмектерді қамтиды, – деді Тамара Дүйсенова.

4 БЕТТЕ

### ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

«Жұмыс жүріп жатыр дейсіздер. Бірақ тексеру кезінде ол жұмыстың дұрыс істелмегені анықталады. Мәселені тауып алатын өзіміз. Яғни әрбір іске тиянақты қарамасаң, артынан шикілік шығатыны анық. Халықпен кездесіп, ақылдасып жұмыс істеу керек. Халыққа әрбір жұмыстың жауапкершілігімен істелгені қажет. Немқұрайлы қарамау керек».

# ЖҰМЫСҚА НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАМАУ КЕРЕК

Қала әкімі Асылбек Шаменов аппарат мәжілісінде барлық бөлім басшыларына, ауылдық округ және кент әкімдеріне әрбір берілген тапсырманың тиянақты, нәтижелі орындалуы керек екенін айтып өтті. Аппарат мәжілісінде ең алдымен қалалық құрылыс бөлімі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар сараланды. Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуарбектің сөзіне сүйенсек, құрылыс саласында ауқымды жұмыстар атқарылған. Газ бен су желілерін тартуда, абаттандыру мен елді мекендерде қажетті құрылыстар, көпқабатты үйлер салуда қаламыз республика бойынша алдыңғы қатардан көрінді. – Биыл құрылыс саласына бюджеттен барлығы 20,2 млрд теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 7,9 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 12,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Қарқынды жұмыс жүрді. Апатты үйде тұратын,

кезектегі отбасыларға 66 пәтер сатып алуға 1,1 млрд теңге қаржы бөлінді, жыл соңында пәтер кілті өз нелеріне табысталмақ. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Талсуат, Қарауылтөбе ауылдық округтеріне 150 орындық клубтың құрылысы жүргізілуде. 2023 жылға республикалық бюджеттен құны 4 млрд 372,8 млн теңге болатын 14 жоба қолдау тапты, – деді құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуарбек. Қала әкімі құрылыс саласының жауапты сала екенін айтып, сапаға мән беру қажеттігін және әрбір жұмыстың орындалу мерзімдерін қадағалауды тапсырды. – Мердігер мекемелер тапсырманы уақытылы орындау үшін бөлім басшылары қатаң бақылау қажет. Мәселен, Таңдыаралдағы ауыз су қоймасы екі жылдан пайдалануға берілмей тұр. Осы уақыттан бері мәселесі шешілмей келе

жатыр. Ал халық таза суды күтіп отыр. Құрылыс саласы көпқабатты үйлерді салумен шектелмейді, – деді қала басшысы. Бүгінгі мәжілісте жылу беру бойынша атқарылып жатқан жұмыс та айтылды. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолшығару көлігі және автомобильдер жолдары бөлімінің басшысы Жәнісбек Файзуллаевтың айтуынша, қазіргі таңда жылу беру маусымы тұрақты өтуде. Дегенмен кейбір көпқабатты үй тұрғындары жылу температурасының төмендігі жайында мәселе көтеріп, әлеуметтік желілерде жазба қалдыруда. Сондықтан да

### Ауыл әкімдері қайда тұрады?

Қала әкімінің ескертуі: Аймақ басшысы ауыл әкімдері өздері қызмет ететін ауылда тұруды тапсырғанын білесіздер. Осы тапсырма әлі орындалмай жатыр. Мәселен, Қызылөзек әкімінің мекен жайы қағаз жүзінде ауылда болғанымен, өзінің ол жерде тұрмайтыны анықталды. Ауыл әкімі сол ауылда тұру керек. Мекен-жайды тіркеп қоюдың қажеті жоқ. Ауылда кез келген уақытта түрлі жағдай болуы мүмкін. Сол кезде әкімді қайдан табады? Аймақ басшысының тапсырмасы орындалуы қажет. Бұл мәселе бойынша тексеріс жүргізілуде.

мамандар тексеру жүргізіп, жылудың бірқалыпты екенін анықтап, түсіндірме жүргізуде.

2 БЕТТЕ

### МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ КӨНІШТЕ МЕ?



Қазіргі таңда қоғамдық көлік қызметіне қатысты түрлі наразылық айтылып жатады. Бірі уақытынан кешігіп келетінін жеткізсе, енді бірі ерте тоқтап қалатынын айтып алаңдаулы. Ал бірі шектен тыс жылдамдықты асырып, жолаушылар өміріне қауіп төнсе де жарыса жүретіндерін жеткізуде. Әйтеуір, әлеуметтің айтар сыны аз емес. Тұрғындар базынасын естіген билік өкілдері осы аптада қала әкімінің тапсырмасымен қоғамдық көлік тасымалдау қызметіне бақылау жұмыстарын жүргізді.

2 БЕТТЕ



# ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Сыр елінің бас қаласы Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына айналды. Мұнда жыл сайын әлеуметтік нысандар салынып, әлеумет игілігіне табысталауда.

Соның ішінде «Өнер» орталығы осындай айтулы нысанның бірегейі. Орталық орналасқан жер аумағы үлкен. Құрылыс жұмыстарын жүргізу құқығы «СМП Қызылорда» ЖШС мердігер мекемесіне міндеттелген. Мәдени орталықтың сапалы салынуы ең басты талап. Бас ғимараттың құрылысы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. Сыр елінің сәулетіне сан беретін үлкен сыйымдылықтағы нысан Сыр өңірі көркемөнерпаздарының көз қуанышы болмақ. Ел игілігіне арналған орталық ізгі істер бастауы болып, талай таланттың тұғырына айналарына сенім мол.

Өнер орталығы соңғы үлгідегі сәулетпен жобаланған. Орталықтың дизайн жоғары деңгейде. Екі қабатты нысан барлық талапқа сай жабықталмақ. Бұл аймақ бойынша ең үлкен өнер алаңы болады деп жоспарлануда.

Өнер орталығының құрылыс алаңына арнайылап бардық. Учаске бастығы Есен Мырзабеков жұмыс барысымен таныстырды.



– Қазір қыс мезгілі болса да жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Жұмыс санаспай істің ілгері жылжуын мақсат етуде. Мұнда 40-қа жуық жұмысшы бар. Барлығы жергілікті жердің азаматы. Басты қағида

– құрылыстың уақытылы әрі сапалы орындалуы. Құрылысқа қажетті заттар жеткілікті. Жұмысшылар 200 мыңның үстінде жалақы төленеді. Қазіргі кезде нысанның астыңғы қабатын салып жатырмыз. Көктемде негізгі бөлігіне көшеміз деп отырмыз. Сол кезде жұмысшылар санын да көбейтеміз. Техникалар жеткілікті. Қасиетті де киелі орында қолтаңбамыз қалып жатса, біз үшін үлкен жетістік, – дейді учаске бастығы Есен Мырзабеков.

2 БЕТТЕ

### Баспасөз-2023

## АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрді.  
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тораңда тұрыңыз!  
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.  
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.





